«Айгөлек» бөбекжай-бақша» психологы Айжарикова Клара Уримбасарқызының 2019-2020 оқу жылында жүргізген жұмыстарының есебі.

2019 оқу жылындағы «Айгөлек» бөбекжай бақшасының
Психологтың жарты жылдық аналитикалық есебі

«Айгөлек» бөбекжай-бақшасының педагог-психологы Айжарикова Клара Уримбасарқызы. Білімі жоғары, 1 санатты. 2019 оқу жылының екінші жарты жылдығына есеп берер болсақ, көптеген істердің атқарылғандығын көрсетуге болады.

Жылдық жоспар, айлық жоспар және циклограмма құрылды.Бөбекжайға жаңадан келген балаларға адаптациялық кезеңнен өтуіне байланысты балалармен психопрофилактикалық, психодиагностикалық жұмыстар жүргізілді.

Психологтің жұмысы 3 түрлі бағытта жүргізілді: педагогтармен, ата-аналармен және балалармен.

Балалармен жұмыс жүргізуде мынадай мақсаттар алға қойылды:

- баланың жеке дамуы;
- балалардың интеллектуалдық қабілетінің дамуы;
- баланың отбасынан балабақшаға ауысқанда адаптациядан өту кезеңіне көмек беру;
- баланың шығармашылық және белсенді айналаны тануы;
- профилактикалық даму қызметі;
- баланы мектепке психологиялық дайындау;

Осыған байланысты жұмыстың түрлері өтілді:

- топтық;
- жеке;
- психокоррекциялық;

Даярлық топқа дейінгі балалардың таным қабілетіне байланысты диагностика жүргізілді.

Балалармен жұмыс адаптивтік жоспар яғни даярлық топпен «Танымдық саты » бойынша таным қабілеті мен даму деңгейі, балалардың мектептегі оқуға психологиялық дайындығы анықталды.

Балалармен «Қане, достасайық!» ұйымдастырылған оқу қызметі жүргізілді. Ұйымдастырылған оқу қызметі негізіне - ойын жаттығулар, пікірталас, рефлексивтік-дидактикалық ойындар мен шығармашылық тапсырмалар кіргізілді.

Тандаулы топтармен психокоррекциялық және дамытушы ойындар мен жаттығулар, оқу іскерлігімен дағдысын дамыту жұмыстары өткізілді.

Осыдан балалардың таным - қабілет ерекшеліктері байқалды.

Жеке жас ерекшеліктерімен өзара жеке қарым-қатынастарын анықтау үшін «Ғажайып саты» әдістемесі жүргізілді.

Ересек топ балаларының есте сақтауы, логикалық ойлауы, зейін тұрақтылығы, өзін-өзі бағалауы, лидерлік потенциялы анықталды. Ата-аналармен де бірқатар жұмыстар жүргізілді. Сонымен қатар **о**тбасылық тәрбиеге байланысты **«Менің отбасым»** суреттік әдістеме және балалар мен ата-аналардың өзара қарым-қатынасын зерделеу жұмыстары жүргізілді.

Топ балаларымен танысып тізімі дайындалды. «Психологиялық ойын» арқылы балалардың ойынның әртүрлі ережелерді сақтауға үйрету, балаларды біріктіру озара сенім жағдайын құру, танымдық процесстерін дамыту, көңіл-күйлерін қалыптастыру, белсенділіктерін арттыру мақсатында түзету-дамыту, жеке жұмыстары жүргізілді: психологиялық диагностикада таным процестерін зерттеу, қарым-қатынас диагностикасы, мінез-құлық ерекшеліктерін зерттеу жұмыстары жүргізіледі. Психодиагностика қорытындысында ойлау

мақсатында, эмоционалдық тұрақсыздықтары бар, агрессивті мінез-құлықты балаларменжеке жұмысын жүргізеді.

Биылғы оқу жылында Сағидоллин Біржанның анасымен сөйлесіп, баласының сөйлеу тілінде тұттығуы бары туралы айтылып, мамыр айында ауданға облыстық ПМПК –дан тексеріліске баруға кеңес берілді. баласымен жеке жұмыстар жүргізу жөнінде ұсыныстар түсті. Балалардың барлығы жақсы, Алтыбаев Назым,Амангелді Әлихан,өте алғыр, таным процессі өте жоғары, Ал Сүйіндікұлы Айдар,Марат Әділ,Нұргожа Нұргүл зейіні тұрақсыз, үнемі қозғалыста жүргенді жақсы көреді, берілген тапсырмаларды толық орындамай ,жауапкершілік танытпайды. Сағидоллин Біржан зейіні тұрақсыз, ештеңеге қызығушылық танытпайды .Көп жыбырлайды,сөзі анық емес, анық сөйлей алмайды, таным процессі орташадан төмен, ұсақ маторикасы әлсіз, логопеттік қызметті қажет етеді т.б.

Сонымен қатар педогогтармен жұмыстың келесі түрлері өткізілді:

- педагогтарға қиындық туғанда көмек көрсету;
- ата-аналармен жұмыста көмек беру;

Бөбекжайға жаңадан келген балалардың бейімделуін бақылап, кеңестер уақытында беріліп отырылды. Қиын бейімделген балалардың тәрбиешілеріне кеңестер берілді, ата-аналарымен әңгіме жүргізілді, кіші топтардың ата-аналарына «Баланың балабақшаға бейімделуі» туралы яғни үйдегі баланы балабақшаға әкелгенде оңай қабылдау үшін, оған қандай көмек көрсету қажет екенін ата-аналарға әртүрлі психологиялық кеңестер ұсынылды.Балалар бақылауға алынып, ойын-сабақтар өткізілді.

Ойлау, есте сақтау қабылеттері, зейіні мен қабылдауы төмен балалармен жеке жұмыстар

Мақсаты: жас ерекшеліктеріне сай қабілеттерін нығайтып, арттыру.

Қабылдауы төмен: Марат Әділ, Сағидоллин Біржанмен «Сиқырлы қапшық», «Тауып көр», «Үлкен-кіші» «Ұзын-қысқа», «Моншақ», «Жыл мезгілдері» ойындары өткізіледі.

Кейін тікелей қызығушылықпен байланысты (ырықсыз зейін), өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. Сондықтан зейіні тұрақсыз балалармен ойын-жаттығуларды қысқа мерзімді, бірақ жиі қайталанып отырылу қажет.

Зейіні төмен: Нұргожа Нұргүл, Сүйіндікұлы Айдар, Марат Әділ, Сағидоллин Біржан балалармен «Адасқан сызықтар», «Лабиринт», «Толықтырып сал», «Кімнің дыбыстауы», т.б.ойын-жаттығулары.

Есте сақтау қабылеті төмен: Сағидоллин Біржан, Марат Әділ балалармен «Жадыңда сақтап салып көр», «Затты сипатта», «Тыңда да,орында!» т.б. ойындар өткізіледі.

Ойлауы төмен: Нұргожа Нұргүл, Сүйіндікұлы Айдар, Сағидоллин Біржан, Марат Әділмен «Затты сипатта», «Сыңарын тап», «Дұрыс-бұрыс», «Тізімді жалғастыр» т.б. әдістемелер қолданады.

Агрессивті мінез-құлықты балалар: Сүйіндікұлы Айдар, Сағидоллин Біржан, Марат Әділ, Алтыбаев Назым, Нұргожа Нұргүл балаларда агрессияны тиімді тәсілдермен шығару жолдарын қалыптастыру, агрессияны дұрыс қабылдау және одан шығу үшін сезімдеріне жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында «ашу», «итерісу», «автобустағы оқиға», «сезімдер әлемі», релаксация жаттығулары және т.б.ойын-жаттығулар өткізіледі.

Ортаңғы топ балаларының ойлау қабілеттері жылдың аяғында «орташа» екені анықталды, яғни берілген сурет арқылы әңгіме құруға қиналатынын, сөз қоры аздау екенін байқалды. Жалпы балалардың балабақшаға деген әсері жақсы, достары көп екені анықталды.